

Кафедраның миссиясы: заманауи құзыреттіліктерді қалыптастыруда – діни, мәдени, философиялық мәселелерді талдау жасау арқылы зерттей отырып ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген көшбасшыны, тәуелсіз Қазақстанның ертеңгі болашағына өз үлесін қосатын білікті маман, зерделі азаматарды дайындау.

«Философия» кафедрасының тарихы өз бастауын 1943 жылдан алады. Бұл жылдары өңірімізде Қазақ КСР-інің Үкіметінің Қаулысымен құрылыс материалдарын өндіру саласында білім беру үшін Шымкент технологиялық институты құрылған еді. Институт қабырғасында «Философия» кафедрасы уақыт талабына сәйкес «Қоғамдық пәндер», «Марксистік-лениндік философия» кафедралары бағытында өзінің оқу, ғылыми-зерттеулік қызметін жалғастырып отырды. Бұл жылдары кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамыда жылдан жылға жаңарып, өз саласының білікті мамандарымен, ғалымдарымен толығып отырды. Кеңестік дәуірде кафедраны филос.ғ.к., доцент Н.Қ. Қалшабеков, Ж.И. Абласанов, К.А. Аманкулов, В.Г. Остапенко, кейінгі жылдары Н.Н. Иманқұлов, Т.А. Сүлейменов, А.И. Исмаилов, Н.Р. Мұсаева т.б ғалымдар басқарды. Кафедрада В.Н. Шутова, А.Т. Косеубаев, С.К. Даулетияров секілді ғалымдар қызмет атқарды. Кафедра тарихында екінші Дүниежүзілік соғыстың қатысушысы, ардагері Қажымұрат Әбішұлы Әбішов өзінің ұмытылмас еңбегін, өнегелі тәрбиесін қалдырған. Сондай ақ, Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтының «Философия» кафедрасының білікті мамандары Игембаев А.И., Ныгметов Д.Н., Мамытов М.М., Нурахов Е.К., Городбин В. өз үлесін қосты.

«Философия» кафедрасын 1993-1998 ж. және 2013-2017 жылдар аралығын білікті ұстаз Т.А. Сүлейменов басқарды.

1998 жылы жергілікті университеттердің оңтайландыру мақсатында Оңтүстік Қазақстан техникалық университеті және Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университеті біріктіріліп М. Әуезов атындағы Оңтүстік мемлекеттік университеті құрылды. Осыған сәйкес екі университеттің гуманитарлық цикл кафедралары қосылып «Философия және құқық» деп аталды. Бұл жылдары кафедраны философия ғылымдарының докторы, профессор Н.Р.Мұсаева басқарды.

1998 жылы Н.Р. Мұсаева докторлық диссертациясын, 2007 жылы Н.А. Ибраева, 2009 жылы А.Б. Шалдарбекова, 2010 жылы М.К.Рахимшикова кандидаттық диссертацияларын қорғап, тиісті ғылыми дәрежеге ие болды.

2000 жылы кафедра «Көшпелілер мәдениеті және Ұлы Жібек жолы: уақыттағы сұхбат» тақырыбы бойынша Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияны өткізді. Конференцияға Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей ғалымдары қатысты.

2011 жылдың мамыр айында доцент Т.А. Сулейменов Астана қаласында өткен «Дарынды ұстаз» Республикалық конкурса қатысып «Гуманитарлық пәндер» номинациясы бойынша 1 орын алып 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

2016 жылы ғылым докторы Н.Р. Мұсаева «Үздік профессор», филос.ғ.к. А.Б. Шалдарбекова «Үздік куратор» марапатына ие болды.

2002-2018 жылы кафедрада «6M020100-Философия» мамандығы бойынша магистратура болған, осы салада әдістемелік кешендер дайындауға Г.Қ.Есіркепованың, Г.Ш.Оразымбетованың қосқан еңбектерін атай аламыз. 2003 жылы Г.Қ.Есіркепова «Шығыс философиясының тарихына» арналған еңбегімен кафедраның әдебиетпен қамту ісіне үлес қосты.

Кафедра тарихында елеулі оқиғалардың бірі 2018 жылы «5B020100-Философия» бакалаврлерін дайындау үшін мемлекеттік лицензияға ие болып, бүгінде философия мамандығын дайындауда мемлекеттік гранттар бөлінуде. Мәселен, философия мамандығында 60 студент білім алууда.

2020 жылы кафедраның аға оқытушылары Т.Е. Тұмашбай., Р.А. Мұсаев Түркия Республикасының Измит қаласындағы Қожаелі университетінің философия кафедрасында философия мамандығынан, ал аға оқытушылары Ғ.Е. Ботабаев., Н.Қ. Балтабаев., Қ.Т.

Бименов Түркия Республикасының Анкара қаласындағы Ғази университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті.

Студенттердің білім алуын жетілдіру мақсатында кафедра Ресейдің Халықтар Достығы университетінің оқытушыларымен, ҚР БҒМ Философия, саясаттану, дінтану институты ғалымдарымен, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдарымен, «Философия» кафедрасымен халықаралық және республикалық деңгейде әріптестік орнатқан. Студенттер үшін академиялық мобильділік бағдарламасы жұмыс істейді.

Кафедра халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында Өзбекстан Республикасының М.Ұлықбек атындағы Ұлттық университетімен, Низами педагогикалық университетімен, Навои мемлекеттік педагогикалық университетімен жемісті байланыстар орнатып, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуда.

2021-2024 жылдар аралығында «Философия» кафедрасының меңгерушісі қызметін филос.ғ.к., доцент М.Ж. Спанов атқарды.

2022 жылы М.Ж.Спановтың бастамасымен «7М02211-Философия» мамандығы бойынша ғылыми педагогикалық магистратурасы ашылып, бүгінде 5 магистранттар білім алуда. Бүгінгі таңда кафедра «7М02211-Философия» мамандығы бойынша Білім беру бағдарламаларын халықаралық бастапқы аккредиттеуден 5 жыл мерзіміне (2025 ж. 24 мамыр – 2030 ж. 23 мамыр) сәтті өтті.

2023 жылы «В033 Дінтану және теология» тобы, «6В02211-Дінтану және философия» білім беру бағдарламасы бойынша мамандығы ашылып (бакалавр) 28 студент білім алуда.

Бүгінде «Философия» кафедрасы «Философия», «Мәдениеттану» пәндері бойынша жалпы білім беру қызметін, «6В02210-Философия», «6В02211-Дінтану және философия» білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлайды. 2024-2025 оқу жылында «6В02210-Философия» мамандығы бойынша 14 студент, «6В02211-Дінтану және философия» мамандығы бойынша 26 студент оқуға қабылданды. Қазіргі таңда кафедрада «6В02210-Философия» мамандығы бойынша 11 студент, «6В02211-Дінтану және философия» мамандығы бойынша 22 студент білім алуда.

2024 ж. тамыз айынан бастап «Философия» кафедрасын филос.ғ.к., доцент Н.А. Ибраева басқаруда.





Философия және құқық кафедрасы, 2002 ж.



Философия кафедрасы, 2024 ж.